

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК
ЖУРНАЛ

ULAGATTY
USTAZ

ҚР Оқу-ағарту министрлігі
№ 514 бұйрықпен бекітілген

Білім беретін, ғылыми,
танымдық, жарнамалық басылым

МББ аты: Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал «ULAGATTY USTAZ»

МББ тілі: қазақша, орысша, ағылшынша

Шығу жиілігі: айына 1 рет Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы

Меншік иесі: «Ulagatty Ustaz» ЖШС Алматы қаласы Бас редакторы: Нагиев И. Б.

Негізгі тақырыптық бағыты: білім беретін, ғылыми, танымдық, жарнамалық

Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал «ULAGATTY USTAZ»
жарияланған ақпараттардың авторлық құқы ақпарат авторына тиесілі, редакция жауапты емес.
Жарияланған ақпарат авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Астана қаласы Қазақстан Республикасының

Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің

Ақпарат комитеті 2023 жылғы 12 ақпандағы

Мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік

Басылымды есепке қоюы туралы куәлігі № KZ51VPY00117354 берілген.

Тапсырыс: 562 Таралымы: 3000 дана.

Журнал «Ulagatty Ustaz» ЖШС баспаханасында басылды.

Алматы қаласы – 2026 жыл Телефон: 8 777 087 6843

Бала бойына ұлттық құндылықтарды дарыту жолдары

БЕКБЕРГЕНОВА ПЕРИЗАТ ЕСЕНГЕЛЬДИЕВНА
Жамбыл облысы, Талас ауданы, Қаратау қаласы
"Бәйтерек" бөбекжай бақшасының
тәрбиешісі

Бүгінгі таңда жас ұрпағымызды ата-бабамыздан қалған баймұрамыз салт-дәстүрлерімізбен, мәдени құндылықтарымызбен таныстыруымыз керек.

Ұлттық құндылықтар дегеніміз не? Әр ұлттың өзінің ұлттық құндылықтары болады. Бір ұлтты екіншілерінен ерекшелендіріп тұратыны оның: тілі, ертегілері, мақал-мәтелдері және батырлар жырлары, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, мәдениеті, өнері, тағамдары, ұлттық қолөнері, тұрмыстық бұйымдары, ұлттық ойындары, т.б. өзгелерге ұқсамайтын қасиеттері. Осылардың бәрі – ұлттық құндылықтарға жатады.

Кез-келген ұлттың сипаты бес қағидаға келіп тіреледі. Біріншісі –тілі, екіншісі –діні, үшіншісі-дәстүрі, төртіншісі –тарихы, бесінші-атамекені. Құндылықтар –шынайы ғана болады, ол адамға тәуелді емес, дей тұрғанмен ол ең алдымен адам санасында орын алады.Құндылықтарды сезім арқылы қабылдап, ал сана арқылы түсінуге болады, соның нәтижесінде тұлға құндылықты игереді,соған сай әрекет етеді.

Дана халқымызда «Ағаш түзу, әдемі болып өсу үшін оны көшет кезінде баптау керек, ал қисық ағаш болып өскенде оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. «Мәңгілік ел» идеясында өскелең ұрпақ тәрбиесіне баса мән берілген. Ал адамгершілік тұрғыдан құнды қасиеттері бар, рухани бай тұлғаны қалыптастыру сәби кезінен бастау алатыны белгілі.

Балабақша қабырғасынан бастап, Отан, ел, жер ұғымының киелігін білу, салт-дәстүр, мәдениетін, тарихын бойына сіңіріп өсіру-ең маңызды қағидат. Ендеше бұл тұрғыда отбасы мен педагогтің атқарар рөлі зор.

Білім арудың негізгі қағидасы тәлім-тәрбие.

Расында,бар күшімізді білімге жіберіп, бала тәрбиесін назардан тыс қалдырсақ, біздің ұрпақ алдындағы үлкен қателігіміз де сол болмақ. «Бала тәрбиесі-баршаға міндет» Бүгінгі таңда балаға ұлттық құндылықты дәріптеу, үйрету, санасына сіңіру – отбасынан басталады. «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген атам қазақ бекер айтпаса керек. Отбасындағы ата-әже, әке –шеше, аға-іні, әпке-қарындас арасындағы сыйластық пен қарым қатынастан бастау алады. Тәрбие жас ұрпаққа бірінші болып берілуі керек. Егер тәрбие жоқ отбасында- еш бір құндылықтың ізі де болмайды.

Ата-анадан кейінгі ұлттық құндылықтармен тәрбиелеу ұстаздың қолында екені баршамызға мәлім.

Олай болса, ақылды ұрпақ тәрбиелеп,ертеңге сенімді ұрпақ табыс ету де біздің еншімізде десе де болады.

Бала бойына ұлттық құндылықтарды сіңіре отырып, адамгершілікке тәрбиелеудің маңызы: ұлттық тәрбиенің мақсаты болашақта ұлттық сана-сезімі жоғары, өз елінің салт-дәстүрін, тарихын, мәдениетін жақсы білетін, сүйетін, ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық құндылықтарды ұштастыра білетін ұлтжанды тұлға тәрбиелеу. Ұлттық санасын ояту, өз ұлтының ана тілін, дінін, мәдени мұраларын меңгерту. Бала бойына жанашырлық, сенімділік, шыдамдылық, намысшылдық тәрізді ұлттық мінезді қалыптастыру. Ұлттық тәрбиеміздің негізгі көздері – әдет-ғұрып, салт дәстүр мен ұлттық әдебиетіміз.

Сонымен бірге отбасы тәрбиесінің ұлттық ерекшеліктері, жеті ата тура лы түсінік, туыстық қарым-қатынас атаулары, ата-ана мен перзент алдындағы парыз бен қарыз, ұлттық намыс. Міне, осыларды бала санасына сіңіріп, бойына дарыта білу - ұрпақ тәрбиесіндегі ең басты қағидамыз. Халқымыз қандай да бір білім мен өнегені балаға қолма-қол көрсету, көрсете отырып үйретуді басшылық еткен. Тәрбиелеудің ұлттық үрдісінде баланың қандай да бір ұнасымды қылығын мадақтап отырған. Өйткені, бала қашанда үлкендердің өзіне ыстық ықылас, ізгі ниет көрсеткенін күте ді. Сол үшін де баланы ынталандыру үшін мадақтау арқылы психикасына ықпал етудің үлгісін қалыптастырған. Ынт аландыруды баланың жас ерекшелігіне сай ұтымды пайдалана білген. Балалардың ұлттық санасын оятуға, бойындағы мәліметтерін дамытуға байланысты шараларды ұйымдастырғанда ұлттық киім, құнды жәдігерлер туралы үнемі айту, соларға қызықтыру, оны шынайы өмірмен байланыстыру т.б. әрекеттерді жиі қайталап отырған абзал. Бұдан бала ұлттық құндылықтың маңызын түсінеді, қызығады. Бала тілінің дамуы өзін қоршаған ортамен тығыз байланысты. Туғандары, анасы қай тілде сөйлесе, бала да сол тілде алғашқы сөздерін айта бастайды. Бала тілі - бал, олар түрлі пікірлер айту арқылы өз қиялын жеткізеді. Әр Қазақстан азаматы өз ана тілінде еркін сөйлеп, тілін құрметтеп, Отанының мемлекеттік тілін жетік меңгеруі тиіс. Осы сәтте балаға отбасы үлгі болуы қажет. Ал мектепке дейінгі ұйымда педагог баланың ойын дамытып, жігерлендіріп, алға жетелеу арқылы талпындырып отыруы керек. Ана тілі рухани тірегіміз екенін сәби көңілдеріне сіңіріп, олардың тіл байлығын дамыту бағытындағы шараларда тіліміздің тазалығын сақтауға барынша көңіл бөлген жөн. Осы орайда мен де оқыту мен тәрбие ісінде ұлттық сипатымызды айқындайтын халықтық педагогиканы, атап айтсам, ұлттық ойындар мен салт-дәстүрлерімізді үнемі көрсетіп, айтып, қызықтыра білуіміз өте маңызды. Менің алдыма келген әрбір бала жеке тұлға, олардың өз салт-дәстүрі мен мәдениетіне, ұлттық ойынына қызықпайтын бала болмайды. Әрине ол үшін әдіс-тәсілдер мен ойынды баламен бірге ойнау кезінде, бала тәрбие мен дамуында ойынның маңызы зор.

Баланы ойната отырып- ұлттық құндылыққа баулуымыз керек. Ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруге бірден бір құрал шараларда болсын, пікір-таластар мен сайыстар болсын, спорттық жарыстар, ойындар болсын халықтық педагогикамен, ұлттық тәрбиемен ұштастырып отыру керек деп ойлаймын. Баланы ұлттық қасиеті жоғары, маңызын жоғалтпаған дәстүрдің озық үлгілерімен сусындатып, оның мағынасын ашатын іс-шараларды да өткізіп отырамыз. Мысалы «Қош келдің, Әз-Наурыз!» мерекелік ертеңгілікте педагогтер бүлдіршіндер мен ата-аналарын қатыстыра отырып, салт-дәстүрден көріністер қойып, бір –бірінің өнерін тамашалап, бағалап қана қоймай, дәстүрді жаңғырта түседі.

Бұл орайда бала емес, үлкендердің өзі ұмытылып бара жатқан дәсүрімізге сүйсіне орындап, мақтанышпен жеткізеді. Балаларды бір-біріне сұрақ қойдыртып, диалогқа шақыру,ынтымақтастық орта қалыптастыру, олардың келешек білім алуға даярлауға ықпал етеді. Әсіресе мұндай жұмыстарда екеуаралық кері байланыс міндетті түрде болуы шарт.Бұдан бала ұлттық құндылықтың маңызын түсінеді,әрі қызығушылығы артады. Мұндағы мақсатымыз-қазақтың салт-дәстүрлері арқылы балалардың бойына мәдени, рухани–және адамгершілік құндылықтарды дарыту. Халқымыздың ғасырдан-ғасырға жалғасып келе жатқан мәдени бай мұрамызды бүгінгі ұрпаққа жеткізу. Ата-бабамыздан қалған мол мұрамызды балаларға кішкентайынан бастап үйретсек, келешекте өз елін, өз ұлтын қастерлейтін ел азаматтарын тәрбиелейтініміз айдан анық.

«Ел болам десең, бесігіңді түзе»,-дегендей қазақ халқында салт-дәстүр өсіп келе жатқан баланың ой-санасын қалыптастыруға, өзінің ұлт өкілі ретінде өсіп, үлгі-өнеге алуына әсерін тигізеді.Сондықтанда осы бағытта жұмыс жасауды отбасы және балабақша болып қолға алған маңызды.Тәрбие мен білім қатар жүретін дүниелер, тәрбие мен білімді бөліп қарауға болмайды. Бұл дүниелер бірін — бірі толықтырып тұратын ажырамас сапа болып саналады. Біздің басты міндетіміз-қазақтың еліне, жеріне,әрбір тау-тасына иелік ете білу сезімін жас ұрпақтың жүрегіне, санасына сіңіру. Қазақта қандай дүние,қандай рухани байлық болса,сонымен мақтана алатын саналы, интеллектуальдық мінез-құлқы қалыптасқан, өз елінің өзге елдермен бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ететін парасатты да патриотты ұрпақ тәрбиелеу.

Мектеп жасына дейінгі кезеңде ойынның бала өмірінде алар маңызы ерекше. Ойындар жалпы ойлау процесінің икемділігіне, зейініне, қабылдауына, логикасын,қиял ұшқырлығын қалыптастыруға ықпал етеді. Ұлттық ойындардың бала дамуына қосатын рөлі мен маңызы зор. Баланың бойына мейірімділік, адамгершілік, әдептілік сынды қасиеттерді сіңіріп, жан-жақты тәрбие беруіміздің де маңызы ерекше болып табылады. Сондықтан балаларға әр күнін ұлттық салт-дәстүр мен мәдениетімен, ұлттық ойындарымен т.б қызығушылықтарын арттыру арқылы жан-жақты дамыған ұрпақ тәрбиелей аламыз. Отан сүйгіштікке баулу олда үлкен маңызға ие. туымызды жықпай,ұлан-байтақ жерімізді қорғайтын патриотты тәрбиелеу біздің міндетіміз болып табылады.

Заттық-кеңістіктік дамытушы орта

АХМЕТОВА ТОЛКЫН ДИЛЬДАЕВНА
Жамбыл облысы, Талас ауданы, Қаратау қаласы
"Бәйтерек" бөбекжай бақшасының
тәрбиешісі

Балалардың дамуындағы маңызды факторлардың бірі – олардың қабілеттерін қалыптастыруға қолайлы жағдайлар жасау болып табылады. Баланы жан-жақты дамытудың тиімді жолдарының бірі, бала қабілетін арттыратын қолайлы заттық кеңістік дамытушы ортасын ұйымдастыру, құру болып табылады.

Заттық-кеңістік дамытушы орта дегеніміз не, оны қалай құрамыз? – деген сұрақтар туындайды.

Заттық-кеңістік дамытушы ортаны құруда міндетті түрде әр жастағы балалардың жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін, қызығушылығын ескеруіміз қажет,

Заттық-кеңістіктік дамытушы орта – балаға заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және немен айналысатынын өз бетінше таңдауын, өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, балалардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әртүрлі материалдары бар ортаның болуы.

Дамытушы ортада бала ересектердің өзіне деген мейірімді қарым-қатынасын, дербестігін ынталандыруын, жеке басын құрметтеуін, балаға қиын сәттерде қолдау көрсетілетінін сезіне білу керек.

Дамытушы ортада балаға өз қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, өзін қызықтыратын ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік ала алуы тиіс.

Дамытушы ортада баланың мектепте оқуға қажетті дағдыларды жетілдіріліп, әртүрлі әлеуметтік ортадан шыққан балалардың сапалы мектепке дейінгі білім алуы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз етілуі тиіс.

Дұрыс құрылған дамытушы ортада бала әрекетке ынталандырылады, бала тұлға ретінде дамиды, қабілеттерінің ерте көрінуіне ықпал болады және еркін шешім қабылдауға қалыптасады.

Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын жалпы талаптар:

- қауіпсіз;
- қолжетімді;
- әртүрлі;
- мазмұнды;
- көп атқарымды;
- өзгермелі;
- тартымды.

«Балалар үшін – бұл олар үшін ойын түрінде қызықты оқыту;

-ата-аналар үшін – бұл балаларды тиімді оқыту, яғни, балаларды мектепке жақсы дайындаған оқыту бағдарламалары; шаршамай оқу; балалардың денсаулығын сақтау; оқудың жетістігі; оқуға деген ұмтылысты сақтау, беделді мектепке қабылдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және т.б.;

-тәрбиешілер үшін – бұл олардың қызметін мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының басшыларының, ата-аналардың оң бағалауы; барлық балалардың барлық бағдарламаларды сәтті жүзеге асыруы; балалардың оқу үдерісіне қызығушылығын сақтау; балалардың табысты дамуы; балалардың денсаулығын сақтау; педагогикалық процесті барлық қажетті құралдармен және жабдықтармен қамтамасыз ету және т.б.;

-басшы үшін – бұл ата-аналар мен балалардың тәрбиешілер қызметіне берген жоғары бағасы; балалардың денсаулығын сақтау; педагог пен балалар іс-әрекетінің жетістігі; балалардың оқу уақытын және педагогтардың жұмыс уақытын ұтымды пайдалану; таңдалған бағдарламаларды толық игеру, балаларды мектепке сапалы дайындау

Заттық-кеңістіктік дамытушы ортасын жобалауды, білім беру салалары «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» бойынша қалай жүзеге асыруға болады.?

«Денсаулық» білім беру саласы бойынша, балалардың денсаулығын сақтау дағдыларын дамыту үшін дене шынықтыру жабдықтарын, оқу құралдарын және т.б. мақсатқа сай таңдау, орналастыруға қойылатын негізгі талаптар сақтау;

Сауықтыру-шынықтыру орталығы, дене шынықтыру алаңы, балалар алаңдарын талапқа сай жабдықталуы. Жабдықты таңдаудағы маңызды талаптардың бірі – оны пайдалану кезінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады. Жабдық жасалған материалдар гигиеналық талаптарға сай, экологиялық таза әрі берік болуы керек.

«Қатынас» білім беру саласы бойынша, балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту, ауызша сөйлеуді қалыптастыру, әр түрлі өмірлік жағдайларда қатынас дағдыларын меңгеру, Қазақстан халқының мәдениеті, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерімен танысу, мәнерлеп оқу және қайта айту, дыбыстық сөйлеу мәдениетін тәрбиелеу, белсенді сөздік қорын байыту, сөйлеу нормаларын меңгеру, мемлекеттік және орыс тілдерін оқыту арқылы балалардың іс-әрекетінің әр түрлі түрлерінде тәрбиеленушілердің ауызша және дәйекті сөйлеуін дамыту. Дамытушы ортада «Қатынас» білім беру аймағын, коммуникативті дағдылар, мектеп жасына дейінгі балалардың «қалыптасып келе жатқан сауаттылық» принципі, кітаптар орталығын құру.

«Таным» білім беру саласы бойынша, балалардың танымдық дағдыларын дамыту үшін жаңа буынның ойын жабдықтарын мақсатты таңдау және ұтымды пайдалану, мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық дағдыларын дамыту орталықтарын құру, пәндік-кеңістік, дамытушы модельдер, танымдық, зерттеханалық орталықтарын құру.

«Шығармашылық» білім беру саласы бойынша, балалардың шығармашылық дағдыларын дамыту орталықтарын, театрландыру,сурет салу,қолөнер орталықтарын құру.

Әлеумет» білім беру саласы әлеуметтік дағдылар мен өз бетінше үйрену дағдыларын меңгеруді; қоғамдағы мінез-құлықтың адамгершілік нормаларын, сондай-ақ жалпыадамзаттық құндылықтарды меңгеруді; баланың құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас жасай алуын; дербестікке тәрбиелеуді; айналадағы адамдарға құрметпен қарауды, өз отбасына тиесілік сезімін, эмоциялық жауаптылықты, эмпатияны қалыптастыруды; қазақ халқының, сондай-ақ басқа да халықтардың тарихы мен мәдениетін білу мен құрметтеуді, туған жер туралы түсініктерді; әр түрлі еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандықтағы адамдарға қызығушылықты қалыптасуын тәрбиелеу. «Әлеуметтік дағдыларды дамыту», «Қауіпсіз жол» орталықтарын құру.

Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылығы көп қырлы болғандықтан, баланың қызығушылығын қолдап, жаңғыртып отырғанда ғана бала бойындағы шығармашылық әлеуетті ашуға ықпал етеміз. Осылайша, нәтижелі ұйымдастырылған заттық-дамытушы орта, балаларға қуаныш сезімін, балабақшаға деген жағымды қарым-қатынасын, балабақшаға келуге деген тілекті шақырады, жаңа әсерлер береді және білімдермен байытады. Белсенді шығармашылық әрекетті тудырады, мектепке дейінгі балалардың зияткерлік және әлеуметтік дамуына мүмкіндік беріп, баланың шығармашылық әлеуетін ашуға ықпал етері сөзсіз.

Жаңа инновациялық технологияның басты тиімділігі

ДАУРЕНБЕКОВА ГУЛБАГИЛА МАРАТКЫЗЫ
Жамбыл облысы, Талас ауданы, Қаратау қаласы
“Бәйтерек” бөбекжай бақшасының
тәрбиешісі

Еліміздің мәртебесінің биік болуы қоғам мүшелерінің келешек ел қожасы – жас ұрпақтың белсенділігі мен іскерлігіне тікелей байланысты болмақ. Қазіргі таңда еліміздің келешегін, нағыз өз елін сүйетін, әдет-ғұрпын, салт-санасын қастерлейтін ұрпақты тәрбиелеу - біздің басты парызымыз. Жас жеткіншектерді тәрбиелеуде, білім беруде алдына қойған басты мақсат - білім беру мен тәрбие үрдісіне инновациялық қызметті енгізу арқылы білім сапасын арттыру, өз ұлтының тарихын, мәдениеті мен тілін қастерлейтін және оны жалпы азаматтық деңгейдегі рухани құндылықтарға ұштастыра білетін ұлтжанды тұлға тәрбиелеу.

Қазіргі инновациялық технология туралы айтатын болсақ, технология грек сөзінен, яғни өнерпаздық, шеберлік, іскерлік деген ұғымды білдіреді. Инновация дегеніміздің өзі жаңалықты енгізу, жаңалық әкелу, жаңа әдістеме мен жаңа технология. Орыс педагогі К.Д.Ушинский айтқандай, «Қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бір сарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз».

Жаңа инновациялық технологияның басты тиімділігі бұл оқытушыға оқу үрдісін түбегейлі өзгертуге, оқытудағы пәнаралық байланысты күшейте отырып, білім алушылардың дүниетанымдарын кеңейтуге және қабілеттерін көре біліп, оны дамытуға толық жағдай жасайды.

Қазіргі заманның даму қарқыны балалардың шығармашылығын жаңаша, ғылыми-зерттеу бағытында құруды талап етеді.

Бүгінгі күні Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда. Педагогика ғылымында баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылыс көбеюде. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде педагогтардың инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі - маңызды мәселелердің бірі. Сондықтан да балалардың ой-өрісін, ұлттық мәдениетін, ұлттық рух пен сана-сезімін дамытып, алғыр тұлғаны қалыптастыруда тәрбие жүйесіндегі инновациялық іс-әрекеттердің ендірілуі үлкен жетістіктерге жетелейді. Бүгінгі мақсат - әрбір балаға түбегейлі білім мен мәдениеттің негіздерін беру және олардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау.

«Халық пен халықты теңестіретін - білім» - деп қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов айтқандай, білім бәсекесіне бейім шәкірт тәрбиелеу

- біздің мақсатымыз. Сондықтанда жаңа жаңалықтардан қалмай жаңалық жаршысы болуымыз керек. Бұл мақсаттарға жету үшін педагогтің ізденісі, жаңа тәжірибе, жаңа технологиялар қолдану қажеттілігі туындайды. Инновациялық технологияларды қолдана отырып оқыту - таным әрекетін ұйымдастырудың ұтымды формасы.

Мақсаты – оқу үрдісінің өнімділігін арттыру. Инновациялық технологияны қолдану: оқып үйрену, меңгеру, өмірге ендіру, дамыту кезеңдері арқылы іске асады. Инновациялық оқыту білімді тереңдетумен қатар, баланы оқу әрекетіне жетелеп, олардың оқуға деген ынтасын оятады. Нақты мақсатқа қандай әдіс-тәсілдердің көмегімен жетуге болады? Оқу мақсатының жүйесінде берілген мақсаттың негізгі категорияларын пайдалана отырып, педагог өз еңбектерінің нәтижесі туралы ақпарат алуға мүмкіндік алады. Демек, мақсат пен нәтиже - жаңалыққа бет бұрудың кілті

Инновациялық үрдістің негізі - жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Кез -келген жаңа әдіс жекелік, сондай-ақ уақытша жоспарға жатады. Бұл яғни, бір педагог үшін табылған жаңа әдіс, жаңалық басқа педагог үшін өтілген материал тәрізді. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады. Еліміздің білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты-ой-өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу.

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі қазіргі таңда мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр. Бала болашағымыз десек, сол балаға жүйелі білім беріп, ынта-ықыласын дұрыс бағыттауды, қабілет-қасиеттерін дамытуды балабақшадан бастауымыз керек. Мектепке дейінгі білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбие мен мектепалды даярлық топтарында педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда жаңашыл әдіс-тәсілдерді пайдалануға мүмкіндік береді. Балабақшада жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты: оқыту мен тәрбиелеуде инновациялық ойын технологиясының элементтерін пайдалана отырып, жан-жақты, білімді, құзыретті тұлға тәрбиелеу.

Қазіргі таңдағы білім беру инновациялық технология түрлері:

1. Денсаулық сақтау технологиясы
2. Жобалы-іс шығармашылық технологиясы
3. Зайцев технологиясы
4. Әуенді кесте технологиясы
5. Дамыта оқыту технологиясы
6. Ақпараттық қатынастық технология
7. Ойын технологиясы
8. ТРИЗ технологиясы.

Дамыта оқытудың нәтижелі болуы тәрбиеші мен тәрбиеленушінің арасындағы жаңаша қарым-қатынас арқылы ғана өз жемісін береді. Бүгінгі күн бәсекелестік пен жоғары технологияның, ғылым мен білімнің заманы.

Сондықтан оқыту процесінде жана педагогикалық технологияларды пайдалану әрбір ұстаздың міндеті.

Аталған педагогикалық технологиялар мен инновациялық құралдар балабақшада балалардың жас ерекшеліктерін ескерген, әр сатыға балалардың қабылдау мүмкіндіктерін ескерген жағдайда ғана пайдалануға болады. Мектепке дейінгі балалардың есте сақтау қабілеті әлсіз, қабылдау процестері тұрақсыз келеді. Сондықтан олар затты қолмен ұстап, көзімен көргенді ұнатады. Осыған сәйкес, мектепке дейінгі балалардың оқу іс-әрекеттеріне көрнекілік, ойын технологиясын кеңінен қолданған жөн.

Тәрбиеші – бала бойына білім нәрін себетін басты тұлға. Жаңашыл тәрбиеші даярлауға қойылатын талаптар студенттерді оқытудың жаңа түрлерімен қаруландыра отырып, қазіргі уақыттағы кәсіптік дағдыларын игеруге бағытталған оқытудың жаңа жолдарын енгізуді көздейді.

Қорыта келгенде, аталған педагогикалық технологиялар мен инновациялық құралдар балабақшада балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, әр сатыға балалардың қабылдау мүмкіндіктеріне сай пайдалануға болады.

Мектепке дейінгі балалардың есте сақтау қабілеті әлсіз, қабылдау процестері тұрақсыз келеді. Сондықтан олар затты қолмен ұстап, көзімен көргенді ұнатады. Осыған сәйкес, мектепке дейінгі балалардың оқу іс-әрекеттеріне көрнекілік, ойын технологиясын кеңінен қолданған жөн деп санаймын.

**ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ
БАСТАУЫШ СЫНЫП
ОҚУШЫЛАРЫНА ЗАМАНАУИ
ТҮРДЕ БАҒЫТ-БАҒДАР БЕРУ**

ӘБДРЕЙ ИНДИРА ӨМІРБЕКҚЫЗЫ
Қызылорда қаласы
«Рақымжан Әліарыстанұлы жеке мектебі»
Бастауыш сынып мұғалімі

Бүгінгі таңда ақпараттық-коммуникативтік технологияларды кез келген сабақта пайдаланудың маңызы өте зор. Оқушылардың өз бетінше білім алуына, ізденуіне көп мән берілуі тиіс. Оларды білім алуымен қатар ізденімпаз, тапқыр, ой-өрісі жоғары дамыған, өз ойын, пікірін ашық білдіретін, жаңашыл, креативті, заман талабына адамгершілігі мол тұлға етіп тәрбиелеу керек. Бүгінгі заман талабы – қоғамның дамуымен бірге болашақ жастарды жаңашылдыққа, ізденімпаздыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Осы аталғандарды іске асыру үшін кез келген сабақта инновациялық технологияларды құзыреттілігін арттырып, тиімді пайдалану маңызды болмақ.

Инновацияны тиімді пайдаланатын ұстаз – қабілетті, жан-жақты шәкірт тәрбиелей алады. Шәкіртті қарапайым бала деп емес, жеке тұлға ретінде дамыту қажет. Әр ұстаз оқу тәрбие жұмысына шығармашылықпен қарап, жаңа заман талабына сай, осы технологиялардың мазмұнына сай, сабақты түрлендіру мақсатында оқытудың түрлі әдістерін пайдаланса, игі нәтижеге жетері сөзсіз. Қоғамымыз өте тез, шапшаңдықпен қарқындай дамып отырған мына заманда халық ағарту саласының қызметкерлеріне түсер салмақтың жеңіл болмасы да анық. Заман талабы мен уақыт көшінеілесу ұстаздар қауымына үлкен сын.

Ғаламтордың алдында қызығушылықпен отырған бала, уақытын босқа өткізіп отырғанын білмей, өзін-өзі басқара алмай отырғанында, терең салмақ жатыр.

Ал, ұстаздың міндеті әлеуметтік желіге қызығып отырған баланың назарын оқуға аудару. Иә, өте ауыр да, күрделі міндет.

Ұстаз қай заманда да төзімділік танытып, қиындықты жеңе білген.

«Шәкірт тәрбиелесең, болашағың тұнық» деген сөз бар халықта.

Қазіргі алдымызда отырған шәкірт компьютерді жақсы меңгеріп, бағдарлама мен ойындардың мыңдаған түрлерін жетік біледі. Оларды оңайшылықпен оқытамыз деген әрекетіміз бекершілік екендігіне сабақ өткізген сайын көзім жете түскендей. Шешімді, қорытындыны баланың өзіне қалдырғанда, олардың ойларын тыңдап, таңқаласың! Таңқаласың, бірақ сол таңданан саған күш-қуат береді, жігерлендіріп, шәкірттің талабына сай жұмыс жасау қажеттігін түсініп, өзіңнен-өзің жаңа жолдар іздеуге талпынасың. Сол жолдардың бірі де бірегейі бағалау.

Оқушыларды сабаққа ынталандыру мақсатында өзара бағалау мен өзін-өзі бағалауға қосылдыру. Бағалау түрлерін енгізу – оқушылардың өзіне деген сенімділігін, өзгеге деген шынайы көзқарасын қалыптастырады

Оқу үрдісінде бағалау түрлерін қолдану, білім сапасы, таным мен оқу үдерісінің дамуына ықпал етеді. Оқушылар бағалау кезінде өздерінің қате жіберіп қоюлары мүмкін екенін түсінеді және мұндай жағдай ұят емес, керісінше одан сабақ алу керек деп қарастырады. Бағалау түрлері үнемі іске асқан жағдайда, оқушы табысқа қол жеткізуге ұмтылады, өзгенің пікірін қабылдауды үйренеді, менсінбеушілікті тастап, керісінше өзгенің пікірін құрметтеуді үйренеді. Оқушы өзін-өзі бағалау кезінде оқыту дәлелдемелерін жинайды, олардың мағыналарын өзінше түсіндіреді.

Өз жұмыстарын салыстырады және талдайды. Топтағы өз жұмыстарына ынтымақтаса отырып, түзетулер енгізеді, жаңа мақсаттар қояды. Өзін-өзі бағалау кезінде ағаттықтарды жоюға, мақсатқа қол жеткізуге тырысады. Жұмыс барысында өз ойын, өз пікірін білдіреді.

Мұғалімдер бағалау түрлерін оқыту тәжірибесінде күнделікті қолданады. Ал оқушының өз-өзіне, басқаға, топқа баға беруі өте маңызды, себебі оқыту тәсілдерін жақсартуды емес, оқушыларды өзінің оқуына анағұрлым тиімді тартылуына мүмкіндік береді, дамытады.

Біз осы уақытқа дейін мұғалімнің жауап алу әдістерін жақсарту жолдарымен қоятын бағасына басты назар аудардық. Егер де біз балаларды өзінің оқуына тартқымыз келсе, біз ең алдымен баланың өзіндік ойын айтуға, өзіндік пікірін қалыптастыруға көп көңіл бөлуіміз қажет.

Мұғалімдер оқушылардың бірқатар көрсеткіштер бойынша алға жылжуын бағалау үшін, сабақтарда бағалау түрлерін қолданды.

Бағалау түрлерін сабақ үрдісінде пайдалануда қандай қиындықтар, қандай нәтиже бергендігін апта сайын кездесіп, талқылап отырды. Сонымен қатар, мектебімізде әкімшілік тарапынан арнайы топ құрылып, топ мүшелері әр мұғалімнің бағалау түрлерін қалай, қай дәрежеде қолданып жатқанына сараптама жасады және маңыздылығына тоқталды.

Сараптама барысында бағалау критерийлерін құруда және түсіндіруде әлі де қиыншылықтардың кездесіп жатқаны туралы айтылды. Оқушы табысқа қол жеткізу үшін, әлі де уақыттың аздығы қол байлау болуда. Топ мүшелері мұғалімдердің жеткен жетістіктері мен кемшіліктерін анықтап, қалай жақсартуға болатындығын қарастырды.

Қазіргі таңда Қазақстанда білім беру жүйесін дамытуға баса көңіл бөліп отыр. Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыты өскелең ұрпақты тәрбиелеу жүйесін дамыту.

Қазақстан Республикасының білім беру стандартында білім берудің басты міндеті логикалық ойлауды дамыту болып табылатындығы атап айтылған. Логика дегеніміз – ойлауды дұрыс құрудың заңдары мен формалары, ережелері туралы философиялық ғылым. Ойлау – шындықтың санада бейнеленуі. Ол біріншіден – дүниетанудың нәтижесі болса, екіншіден – дүниені тереңірек, толығырақ танып – білудің құралы.

Оқушыларды логикалық ойлауға үйретуді, сол арқылы ой-өрісін кеңейтуді, информатикалық тілде сөйлетуді, ұқып- тылыққа баулуды мақсат еткен әрбір мұғалім қызықты тапсырмалар арқылы оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру, логикалық есептерді тиімді тәсілдермен шешу жолдарын үйрету проблемасын қояды. Логикалық тапсырмалар оқушының жас ерекшелігін ескере отырып құрастырылады да, теориялық білімдерін кеңейтіп, оны практикада қолданылуына ықпал етеді. Оқушылардың логикалық ойлауға үйренуі және логикалық ойлауының дамуы олардың өздігінен ізденіп жұмыс жасауына жол ашады. Логикалық тапсырмалар оқушының интеллектуалдық деңгейін көтеретін болғандықтан әр сабақта тапсырмаларды түрлендіріп, қызықтырып қолдану көзделеді.

Бұл оқушылардың жеке тұлғасын, рухани әлемін, ынтасы мен қабілетін дамыту, оқушылардың өз күшіне сенімін арттыру, шығармашылық қабілетін дамыту мәселесін шешуге көмектеседі. Оқушылармен ойындар, ауызша есептер, шығарма- шылық тапсырмалар жүргізіп, олардың ойша болжай білу, тапқырлығы мен аңғарымпаз- дығын байқауға болады. Аңғарымпаздық оқушының өз білімін пайдалана білуінің көрсеткіші.

Қазіргі кезде біздің қоғамымыз дамудың жаңа кезеңіне көшіп келеді, бұл кезең ақпараттық кезең, яғни компьютерлік техника мен оған байланысты барлық ақпараттық-коммуника- тивтік технологиялар педагогтар қызметінің барлық салаларына кірігіп, оның табиғи ортасына айналып отыр. «Білім берудегі ақпараттық-коммуникативтік технологиялар» ұғымы

«оқытудың жаңа инновациялық технологиялары», «қазіргі ақпараттық оқыту технология- лары», «компьютерлік оқыту технологиялары» және т.б., тіркестермен тығыз байланысты.

Инновациялық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникативтік байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді.

Жедел дамып отырған ғылыми – техникалық прогресс қоғам өмірінің барлық салаларын ақпараттандырудың ғаламдық процесінің негізіне айналды. Ақпараттық технологиялық дамуға және оның қарқынына экономиканың жағдайы, адамдардың тұрмыс деңгейі, ұлттық қауіпсіздік, бүкіл дүниежүзілік қауымдастықтағы мем- лекеттің рөлі тәуелді болады.

Заман ағымына қарай ақпараттық технологияларды қолдану айтарлықтай нәтижелер бе- руде. Кез келген сабақта электрондық оқулықты пайдалану оқушылардың танымдық белсен- ділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылық- пен еңбек етуіне жағдай жасайды. Инновациялық технологияны бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін дамытуға және оның мүмкіндіктерін әлемдік білімдік ортаға енудегі са- бақтастыққа қолдану негізгі мәнге ие болып отыр.

Инновациялық технологияны пайдалану жөніндегі қызметтің мақсаты:

үйренушінің шығармашылық әлеуметін дамыту;

коммуникативтік әрекеттерге қабілетті болуды қамту;

сараптамалық – зерттеу қызметі дағдыларын қалыптастыру;

оқу қызметі мәдениетін дамыту;

оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерін жеделдету, оның тиімділігі мен сапасын арттыру.

Ақпараттық мәдениетті, сауатты адам – ақпараттың қажет кезін сезіну, оны тауып алуға, бағалауға және тиімді қолдануға қабілетті, ақпарат сақталатын дәстүрлі және автоматтан- дырылған құралдарын пайдалана білуі керек.

Қазіргі білім жүйесінің ерекшелігі – тек біліммен қаруландырып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыру. Қорытындысында білім беру – адамға үздіксіз оқуға, білім алуға жан-жақты білім қызметін ұсынатын әлеу- меттік институт болуы керек.

Білім беруді ақпараттандыру – жаңа технологияны пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асырады. Педагогикалық технология – мұғалімнің кәсіби қызметін жаңартушы және сатыланып жоспарланған нәтижеге жетуге мүм- кіндік беретін іс-әрекеттер жиынтығы. Педагогикалық технологиядағы басты міндет – оқушының оқу- танымдық әрекетін жандандыра отырып, алға қойған мақсатқа толықтай жету. Ал бұдан педагогикалық технологияның тиімділігі шығады.

Оқыту үрдісінде технологияны қолдану мұғалім мен оқушы қарым- қатынасының бұрынғы қалыптасқан жүйесін, олардың іс-әрекеттерінің мазмұнын, құрылымын үлкен өзгерістерге ұшыратады.

Қалыпты білім беру жүйесінде мұғалім – оқушы – оқулық түрінде құрылған үш жақты байланыс бұзылып, мұға- лім – оқушы – компьютер – оқулық жүйесі пайда болды. Мұндай жүйеде білім беру оқыту процесінде компьютерді қолдану білім мен біліктілікке қоятын талаптарды қайта қарап, же- тілдіріп, жүйелеуді талап етеді.

Ақпараттандыруда технологияның негізгі бағыты ХХІ ға- сырдың талаптарына сәйкес қоғамды дамытудың жоғары тиімділікті технологияларына сүйенген жаңа білім стратегиясына көшу болып табылады. Осыған сәйкес қазіргі білім жүйе- сінің ерекшеліктеріне – оның іргелілігі, алдын алу сипаты және оларға қол жеткізу мүмкін- діктері жатады.

Оқу процесінде қолданылатын технологиялық құралдарын орналастырудың бірнеше жолдары бар. Ең перспективтісі және мазмұндысы жіктелу критерийі ретінде тағайындау болатын жол құрылымдық элементтері болып табылады. Ақпараттық технология құрал- дарын меңгеру, жаңа элементтің енгізілуінің негізінде адам қызметінің өзгеруі сияқты мәселелер көп уақыттан бері психологтарды қызықтыруда.

1937 ж. Л.С.Выготский былай деп жазған: «Адамның өмір сүру процесіне құралдың ендірілуі осы құралды қолдану және басқарумен байланысты көптеген жаңа қызметтерді өмірге әкеледі, осы құрал орындай алатын көп жай процестерді керек емес қылады, психикалық процестер және олардың ұзақтылығын, интенсивтілігін, жүйелілігін өзгертіп, бір қызметті екінші қызметпен ауыстырады, қысқаша айтқанда, бүкіл өмір сүру құрылымын өзгертеді». Қазіргі таңда білім саласы қызметкерлерінің алдында тұрған басты мақсат – жана технологиялар арқылы білім мазмұнын жаңарту. Технологиямен жұмыс жүргізу 4 саты арқылы іске асады.

Олар:

оқып меңгеру;

тәжірибеде қолдану;

шығарма шылық бағытта дамыту;

нәтиже.

Бұл технологияның мақсатын төмендегі сызбадан көре аласыздар.

Жаңа ақпараттық технологиялар дегеніміз – білім беру ісінде ақпараттарды даярлап, оны білім алушыға беру процесі. Бұл процесті іске асырудан негізгі құрал компьютер болып табылады. Компьютер – білім беру ісіндегі бұрын шешімін таппай келген жаңа, тың дидактикалық мүмкіндіктерді шешуге мүмкіндік беретін зор құрал. Бірақ әлі күнге дейін біз осы зор құралдың шексіз мүмкіндіктерінің оннан бірін де пайдалана алмай отырмыз.

Информатика сабақтарында логикалық тапсырмаларды көптеп қолданудың нәтижесінде оқушылар информатика сабағын асыға күтіп, барлық ынтасымен дайындалатынын байқаймыз.

Ақпараттық есептердің қиындығынан қорықпай, қызықты есептер көп екендігіне сеніп, сабақты басқа – логикалық ойлау қырынан тануға көмек береді. Логикалық тапсырмаларды біртіндеп қиындату және оқытылатын тақырыпқа сәйкестендіру де қажет.

Логикалық ойлау дегеніміз – логика заңдылықтарын пайдалана отырып, ой-пікірлерді тұжырымдарды қолдануға негізделген ойлаудың бір түрі. Баланың логикасын дамыту, ұғымдарын өсіру, оқу-тәрбиесі үрдісіндегі ұдайы жүргізілетін жұмыс. Логикалық ойлаудың ерекшелігі – қорытындылардың қисындылығында, олардың шындыққа сай келуінде. Логикаға түскен құбылыс түсіндіріледі, себептері мен салдарлары қатесіз анықталады.

Қорыта айтқанда, саналы бала білім алуға тырысады, жақсы білім беретін адам, ол – жаңашыл ұстаз. Ұстаз мерейін асыру, бұл қажырлы еңбектің нәтижесі. Сабаққа ыждаһаттылықпен дайындалатын оқушы өз пікірін жеткізуге талпыныс жасайды. Сабақта қалыптастырушы бағалауды жүйелі өткізу – жиынтық бағалаудың нәтижелі, сапалы болуының баспалдағы.

Әлеуметтік топтарда, қоғамдық түрлі әлеуметтік орындардатуғалармен қарым-қатынас жасауды және әрекет етуді қамтамасыз ететін ана тілін және басқа тілдерді меңгеру – заман талабы. Олай болса, білім алушының тіл құзыреттілігін жетілдіруге критериалды бағалау жүйесінің ықпалы өте зор.

Пайдаланған әдебиеттер:

- ✧ Бешімбаева Қ.Е. Білім алушының тілдік құзыреттілігін жетілдірудегі критериалды бағалау жүйесі. Әдістемелік нұсқау.
- ✧ Красноборова А.А. Критериальное оценивание в школе. Учебное пособие.
- ✧ Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы білім беруді дамытудың жаңа мүмкіндіктері: заманауи білім берудегі инновациялар мен әдістемелер» атты І Республикалық педагогикалық оқуларының жинағы., 2018.
- ✧ Мұғалімге арналған нұсқаулық «оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау»
- ✧ Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім. – // Қазақстан мектебі, №4, 2008
- ✧ Сұлтанова Г. Жаңа технологияларды ұтымды пайдалану - // Бастауыш мектеп №12.

**Күйсандық аспабында орындаушылық
дағдыларды қалыптастыру және дамыту әдістемесі**

ГАНИБАЕВ ЖАНХОЖА БАХЫТОВИЧ
Күйсандық аспабы мұғалімі
Атырау облысы білім беру басқармасының
Жылыой ауданы білім бөлімінің
«Т. Култумиев атындағы
№1 Құлсары балалар саз мектебі» КМҚК

Аннотация

Мақалада күйсандық (фортепиано) аспабында оқушылардың орындаушылық дағдыларын қалыптастыру мен дамытудың әдістемелік негіздері қарастырылады. Автор бастапқы кезеңнен бастап орта және жоғары деңгейге дейінгі оқытуда қолданылатын тиімді педагогикалық тәсілдерді, техникалық және көркемдік дағдыларды дамытудың жолдарын ғылыми-практикалық тұрғыда талдайды. Зерттеу нәтижелері балалар саз мектептері мен өнер мектептеріндегі күйсандық пәні мұғалімдеріне арналған.

Түйін сөздер: күйсандық, орындаушылық дағды, музыкалық есту, техника, интерпретация, әдістеме, балалар саз мектебі.

Кіріспе

Қазіргі музыкалық білім беру жүйесінде күйсандық аспабы оқушының жалпы музыкалық мәдениетін қалыптастыратын негізгі пәндердің бірі болып табылады. Күйсандықта орындаушылық дағдыларды меңгеру тек техникалық шеберлікпен шектелмей, музыкалық ойлау, есту қабілеті, көркемдік талғам және сахналық мәдениет секілді кешенді қасиеттердің дамуын талап етеді. Сондықтан күйсандық аспабында оқыту әдістемесі жүйелі, кезеңдік және ғылыми негізделген болуы қажет.

Күйсандықта орындаушылық дағдылар бірнеше өзара байланысты компоненттерден тұрады:

- Техникалық дағдылар (қол қою, саусақ икемділігі, координация);
- Музыкалық-есту дағдылары (интонация, ырғақ, динамика);
- Көркемдік-интерпретациялық қабілет (музыкалық образды ашу);
- Психологиялық тұрақтылық (сахнада өзін еркін ұстау).

Бұл компоненттер бір мезгілде әрі жүйелі түрде дамытылған жағдайда ғана сапалы орындаушылық деңгейге қол жеткізуге болады.

Оқыту қарапайымнан күрделіге қағидаты бойынша ұйымдастырылады. Әрбір жаңа техникалық немесе музыкалық элемент алдыңғы материалмен логикалық байланыста берілуі тиіс.

Әр оқушының физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін ескеру — күйсандықта табысты оқытудың басты шарты. Саусақ құрылысы, музыкалық есту деңгейі, есте сақтау қабілеті әртүрлі болғандықтан, тапсырмалар да даралануы қажет.

Техника өздігінен мақсат емес, музыкалық ойды жеткізудің құралы ретінде қарастырылады. Сондықтан жаттығулар мен этюдтер көркемдік талаптармен қатар жүргізілуі тиіс.

Бастапқы кезеңде негізгі назар дұрыс отырыс, қол қою, саусақтардың еркін қозғалысы мен ноталық сауатқа аударылады. Қарапайым пьесалар арқылы оқушының музыкалық естуі мен ырғақ сезімі дамытылады. Бұл кезеңде мұғалімнің көрсету, бірге орындау, баяу темпте жұмыс жасау әдістері ерекше маңызға ие.

Оқытудың келесі сатыларында гаммалар, арпеджиолар, этюдтер арқылы техникалық мүмкіндіктер кеңейтіледі. Күрделі музыкалық шығармаларды талдау, стильдік ерекшеліктерді түсіндіру, фразировка мен динамикаға назар аудару оқушының орындаушылық мәдениетін қалыптастырады. Сонымен қатар ансамбльдік орындау мен сахналық тәжірибе оқушының кәсіби өсуіне оң әсер етеді.

Практикалық тәжірибе және нәтижелер

Педагогикалық тәжірибе көрсеткендей, жүйелі әдістемелік жұмыс жүргізілген жағдайда оқушылардың орындаушылық деңгейі тұрақты түрде өседі, музыкалық ойлау қабілеті дамиды, сахнада өзін еркін ұстау дағдылары қалыптасады. Бұл — күйсандық пәнінің тәрбиелік және дамытушылық әлеуетінің жоғары екенін дәлелдейді.

Күйсандық аспабында орындаушылық дағдыларды қалыптастыру және дамыту — күрделі әрі көпқырлы педагогикалық үдеріс. Ол мұғалімнің кәсіби шеберлігін, әдістемелік сауаттылығын және шығармашылық ізденісін талап етеді. Ғылыми негізделген, жүйелі әдістемені қолдану арқылы ғана оқушының музыкалық мүмкіндіктерін толық ашуға болады.

Орындаушылық дағдыларды қалыптастырудағы заманауи педагогикалық тәсілдер

Қазіргі кезеңде күйсандық аспабын оқытуда дәстүрлі әдістермен қатар заманауи педагогикалық технологияларды қолдану өзектілігін арттыруда. Атап айтқанда, дамыта оқыту, рефлексияға негізделген сабақ құрылымы, интербелсенді әдістер мен цифрлық ресурстар оқушының орындаушылық әлеуетін терең ашуға мүмкіндік береді.

Дамыта оқыту технологиясы оқушының дайын білімді қабылдауынан гөрі, музыкалық материалды саналы түрде талдауына, өз ойын дыбыс арқылы жеткізуіне бағытталады. Бұл тәсіл орындаушылық дербестікті қалыптастырып, шығарманы интерпретациялауда еркіндік береді.

Орындаушылық шеберліктің негізгі көрсеткіштерінің бірі – музыкалық естудің дамуы. Музыкалық есту тек дыбысты есту емес, оның биіктігін, ұзақтығын, динамикалық бояуын, эмоционалдық мазмұнын сезіну қабілеті болып табылады.

Музыкалық естуді дамытуда келесі әдістер тиімді:
шығарманы орындамас бұрын тыңдату және талдау;
әуенді дауыс арқылы айту;
бір шығарманы әртүрлі темп пен динамикада орындау;
фразаларды салыстыру арқылы көркемдік шешім табу.

Интерпретация процесінде оқушы музыкалық мәтінді механикалық түрде орындамай, оның мазмұнын, авторлық ойын түсінуге ұмтылады. Мұғалім бұл кезеңде бағыттаушы, кеңесші рөлін атқарады.

Күйсандықтағы техникалық шеберлік — ұзақ әрі жоспарлы жұмыстың нәтижесі. Техникалық дағдыларды дамыту үшін арнайы жаттығулар жүйесі қолданылуы қажет. Бұл жүйе саусақтардың тәуелсіздігін, қолдың икемділігін, қозғалыстың дәлдігін арттыруға бағытталады.

Жаттығуларды орындау барысында:
темптің біртіндеп жылдамдатылуы;
дыбыстың сапасына назар аудару;
қол мен білектің босаң күйін сақтау;
екі қолдың үйлесімділігін қадағалау маңызды.

Техникалық жұмыс көркемдік талаптардан бөлек жүргізілмей, әрдайым музыкалық мазмұнмен ұштастырылуы тиіс.

Сахналық мәдениет — орындаушылық дағдылардың ажырамас бөлігі. Көп жағдайда оқушының техникалық деңгейі жеткілікті болғанымен, сахнада қобалжу салдарынан өз мүмкіндігін толық көрсете алмауы мүмкін. Сондықтан сахналық тәжірибені жүйелі түрде ұйымдастыру қажет.

Қорытынды

Күйсандық аспабында орындаушылық дағдыларды қалыптастыру және дамыту – музыкалық білім беру жүйесіндегі маңызды әрі көпқырлы педагогикалық үдеріс. Бұл үдеріс оқушының тек техникалық шеберлігін жетілдірумен шектелмей, оның музыкалық есту қабілетін, көркемдік ойлауын, интерпретациялық мәдениетін және сахналық сенімділігін кешенді түрде дамытуға бағытталады. Зерттеу барысында күйсандықта орындаушылық дағдыларды қалыптастырудың тиімділігі жүйелі, кезеңдік және жеке-дара оқыту қағидаттарын сақтау арқылы қамтамасыз етілетіні анықталды. Техникалық жаттығуларды көркемдік мазмұнмен ұштастыру, музыкалық шығармаларды саналы талдау және заманауи педагогикалық тәсілдерді қолдану оқушының орындаушылық дербестігін арттырады. Сонымен қатар сахналық тәжірибе мен ансамбльдік орындаудың рөлі ерекше екені дәлелденді. Бұл бағыттар оқушының психологиялық тұрақтылығын

нығайтып, музыкалық ұжымда жұмыс істеу мәдениетін қалыптастырады. Мұғалімнің кәсіби шеберлігі, әдістемелік сауаттылығы және шығармашылық ізденісі орындаушылық дағдылардың сапалы қалыптасуының негізгі факторы болып табылады.

Қорытындылай келе, күйсандық аспабында оқытудың ғылыми негізделген, жүйелі және шығармашылыққа бағытталған әдістемесін қолдану арқылы оқушылардың музыкалық мүмкіндіктерін толық ашуға, олардың көркемдік-орындаушылық деңгейін арттыруға және болашақ кәсіби бағдарын қалыптастыруға қол жеткізуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

- ✧ Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 2012. – 192 б.
- ✧ Қалиев С. Музыкалық тәрбие теориясы мен әдістемесі. – Алматы: Білім, 2015. – 240 б.
- ✧ Омарова Қ. Балалар музыка мектебіндегі фортепиано сабағын оқыту әдістемесі. – Алматы: Өнер, 2018. – 184 б.
- ✧ ҚР Білім және ғылым министрлігі. Балалар музыка мектептеріне арналған үлгілік оқу бағдарламалары. – Астана, 2020.
- ✧ Төлебаев М. Музыкалық тәрбие және орындаушылық мәдениет. – Алматы: Өнер, 2014. – 156 б.
- ✧ Цыпин Г.М. Музыкально-исполнительское искусство: теория и практика. – М.: Просвещение, 2012. – 304 с.
- ✧ Шульпяков О. Фортепианная техника в художественном развитии учащихся. – СПб.: Композитор, 2017. – 210 с.

Балаларға саз сауатын үйретудің педагогикалық технологиялары

ТУЛЕГЕНОВА ДАМЕТКЕН АСЕМБАЕВНА

Саз сауаты пәні мұғалімі

Атырау облысы білім беру басқармасының

Жылыой ауданы білім бөлімінің

«Т. Култумиев атындағы

№1 Құлсары балалар саз мектебі» КМҚК

Аннотация

Мақалада балаларға саз сауатын үйрету үдерісінде қолданылатын заманауи педагогикалық технологиялардың теориялық негіздері мен практикалық мүмкіндіктері қарастырылады. Саз сауатын оқытуда тұлғаға бағдарланған, ойын, ақпараттық-коммуникациялық және деңгейлеп оқыту технологияларын тиімді қолданудың жолдары ұсынылады. Автор балалардың музыкалық есту қабілетін, ырғақ сезімін және шығармашылық белсенділігін дамытудағы педагогикалық тәсілдердің маңызын айқындайды.

Түйін сөздер: саз сауаты, педагогикалық технология, музыкалық білім, ойын технологиясы, тұлғаға бағдарланған оқыту.

Кіріспе

Қазіргі қоғамда балалардың рухани-эстетикалық дамуына ерекше көңіл бөлінуде. Осы тұрғыда саз сауаты пәні – баланың музыкалық мәдениетін қалыптастыратын, есту қабілетін, ойлау жүйесін және шығармашылық әлеуетін дамытатын маңызды пәндердің бірі. Музыкалық білім берудің бастапқы сатысында саз сауатын меңгерту тек теориялық білім берумен шектелмей, баланың тұлғалық дамуына ықпал ететін педагогикалық технологиялар арқылы жүзеге асуы тиіс.

Саз сауатын оқыту – музыкалық дыбыстарды тану, нота сауатын меңгеру, ырғақ пен әуенді сезіну сияқты кешенді үдерістерден тұрады. Бұл үдерісте педагогтың басты міндеті – баланың жас ерекшелігі мен психологиялық қабылдау деңгейін ескере отырып, білімді жүйелі әрі қызықты түрде ұсыну.

Музыкалық білім беруде педагогикалық технологиялар:

оқу мазмұнын құрылымдауға;

оқушы белсенділігін арттыруға;

оқу нәтижесінің сапасын көтеруге мүмкіндік береді.

Балаларға саз сауатын үйретуде қолданылатын педагогикалық технологиялар

1. Тұлғаға бағдарланған оқыту технологиясы

Бұл технологияда әр баланың жеке қабілеті, музыкалық талғамы мен қабылдау ерекшелігі ескеріледі.

Сабақ барысында:

жеке және шағын топтық жұмыс;

деңгейлік тапсырмалар;

баланың өзіндік пікірін білдіруге мүмкіндік беру жүзеге асырылады.

Нәтижесінде оқушының музыкалық сенімділігі мен дербестігі қалыптасады.

2. Ойын технологиясы

Саз сауатын үйретуде ойын элементтері ерекше тиімді. Музыкалық ойындар арқылы:

нота атауларын меңгеру;

дыбыс биіктігін ажырату;

ырғақты сезіну дағдылары дамиды.

Ойын технологиясы бастауыш жастағы балалардың оқу мотивациясын арттырып, сабақты эмоционалды тұрғыда тартымды етеді.

3. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ)

Цифрлық құралдарды пайдалану:

дыбыстық жазбалар;

интерактивті тапсырмалар;

мультимедиялық презентациялар арқылы жүзеге асады.

АКТ баланың есту арқылы қабылдауын күшейтіп, музыкалық материалды көрнекі әрі түсінікті етеді.

4. Деңгейлеп оқыту технологиясы

Бұл технология оқушылардың дайындық деңгейіне сәйкес тапсырмалар ұсынуға мүмкіндік береді. Бір тапсырма бірнеше деңгейде беріледі: қарапайым; орташа; күрделі.

Осылайша әр бала өз мүмкіндігіне сай жетістікке жетіп, оқу барысына сеніммен қатысады.

Практикалық тәжірибеден

Сабақ барысында жоғарыда аталған технологияларды кешенді қолдану балалардың саз сауатын меңгеру деңгейін айтарлықтай арттыратынын көрсетеді. Әсіресе ойын және тұлғаға бағдарланған тәсілдер баланың сабаққа деген қызығушылығын күшейтіп, музыкалық қабілетінің еркін дамуына жағдай жасайды.

Балаларға саз сауатын үйрету – шығармашылық пен жүйелі педагогикалық шеберлікті талап ететін күрделі үдеріс. Заманауи педагогикалық технологияларды тиімді қолдану арқылы оқыту сапасын арттырып, музыкалық білімді терең әрі саналы меңгертуге болады. Саз сауаты сабағында инновациялық әдістерді пайдалану – болашақта музыканы түсінетін, эстетикалық талғамы жоғары тұлға қалыптастырудың негізі.

Саз сауаты пәнін оқытуда педагогикалық технологиялардың негізгі мақсаттарының бірі – баланың шығармашылық әлеуетін ашу және дамыту. Музыкалық шығармашылық тек кәсіби орындаушылықпен шектелмей, баланың дыбысты еркін қабылдауы, музыкалық ойлау қабілетінің қалыптасуы және эмоциялық сезімталдығы арқылы көрініс табады. Осы тұрғыда саз сауаты сабағы шығармашылық дамудың бастапқы алаңы ретінде ерекше маңызға ие.

Шығармашылық қабілетті дамытуда импровизация элементтерін қолдану тиімді нәтиже береді. Балаларға қарапайым ырғақтарды өз бетінше ойлап табу, таныс әуендерге жаңа ырғақ немесе екпін қосу тапсырмалары ұсынылады. Мұндай жұмыстар оқушының музыкалық қиялын дамытып, өз мүмкіндіктеріне деген сенімін арттырады.

Сондай-ақ, вокалдық және аспаптық жаттығуларды үйлестіре қолдану шығармашылық ойлаудың дамуына оң ықпал етеді. Балалар дыбыстарды тек тыңдап қана қоймай, оларды орындау арқылы сезінеді, салыстырады және саралайды. Бұл үдеріс музыкалық есту қабілетін тереңдетіп, ноталық жазуды саналы түрде қабылдауға мүмкіндік береді.

Саз сауаты сабақтарында шығармашылық тапсырмаларды жүйелі түрде енгізу баланың музыкалық тілін қалыптастырады. Әуенді сипаттау, музыкалық көңіл күйді сөзбен жеткізу, тыңдалған шығарманы бейнелік тұрғыда елестету сияқты жұмыстар оқушының эстетикалық талғамын арттырып, ойлау икемділігін дамытады.

Осылайша, саз сауаты пәнінде шығармашылыққа бағытталған педагогикалық тәсілдерді қолдану баланың музыкалық дамуын жан-жақты қамтамасыз етіп, оның жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Бұл әдістерді тиімді ұйымдастыру мұғалімнің кәсіби шеберлігі мен әдістемелік сауаттылығына тікелей байланысты.

Қорытынды

Қорытындылай келе, балаларға саз сауатын үйрету – тек музыкалық білім берумен шектелмейтін, баланың зияткерлік, эмоциялық және шығармашылық дамуын кешенді түрде қамтамасыз ететін маңызды педагогикалық үдеріс екені анықталады. Саз сауаты сабақтары арқылы оқушылардың музыкалық ойлау қабілеті, есту мәдениеті, ырғақ сезімі және эстетикалық талғамы қалыптасады.

Заманауи педагогикалық технологияларды жүйелі әрі мақсатты қолдану оқу үдерісінің тиімділігін арттырады. Тұлғаға бағдарланған, ойын, ақпараттық-коммуникациялық және деңгейлеп оқыту технологиялары баланың жас ерекшеліктерін ескеруге, оқу мотивациясын күшейтуге және әр оқушының жеке қабілетін ашуға мүмкіндік береді. Бұл технологиялар саз сауатын меңгеруді қолжетімді, қызықты әрі нәтижелі етеді.

Саз сауаты пәнінде шығармашылыққа бағытталған тапсырмаларды қолдану оқушылардың өзіндік музыкалық ойлауын дамытып, еркіндік пен дербестікке тәрбиелейді.

Музыкалық білімді тәжірибемен ұштастыру арқылы бала алған білімін саналы түрде қолдана білуге дағдыланады, бұл оның болашақта музыкалық өнерге деген тұрақты қызығушылығының қалыптасуына негіз болады.

